

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті .

Тақырыбы: Интербелсенді сабақтың құрылымы.

Орындаған: Мірполат Х

Пән оқытушысы: Алиханова Б

- **Дәріс жоспары:**
- 1. Сабақтың үш кезеңдік құрылымы туралы.
- 2. Жаңашыл оқыту жобаларындағы сабақ құрылымы.
- 3 «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы бойынша сабақ кезеңдері.

- **1. Сабақтың үш кезеңдік құрылымы туралы**
- Барлық дерлік оқыту жүйелері, жобалары және технологиялары сабақтың үш кезеңдік құрылымын ұстанады.
- Бұл ұстанымның Г.Гегельдің диалектикасынан бастау алатындығы сөзсіз. Адам өз санасындағы ұғымдардың барлығын да объективтік деңгейге дейін жеткізеді дейтін бұл диалектикалық ілімге сәйкес, біздің түсініктеріміз үш кезеңнен тұрады: **тезис, антитезис, синтез**. Таным процесінде біз әлем туралы қандай да болмасын түсінік қалыптастырсақ (тезис), міндетті түрде оған қарама-қарсы тұжырым да табылады (антитезис). Сол себепті де объективтік білім алуымыз үшін, біз ой-толғаныс арқылы тезис пен антитезистің қажетті жақтарын салғастыра келе, орта мағынаны (синтез) табуымыз керек. Гегельдің пайымдауы бойынша, екі қарама-қарсы тұжырымдар мен пікірлердің тоғысуынан (тезис – антитезис) шынайы түсінік пен білім пайда болады (синтез).
- Сабақтың үш кезеңдік структурасын М.Жанпейісова былай түсіндіреді: «Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды (тақырыпты) оқып үйрену үш негізгі кезеңнен: *кіріспе-қызықтырушылық, операциялдық-танымдық және рефлексиялық-бағалау* кезеңдерінен тұруы тиіс.

- Дәстүрлі оқыту әдістемелері де орта мектепте «Өткенді қайталау – Жаңа білімді түсіндіру – Бекіту» форматындағы сабақтың үш кезеңдік құрылымын (азғантай ауытқулармен де болуы мүмкін) ұстанады. Ал дәстүрлі оқытуды ұстанатын жоғарғы оқу орындарында бұл құрылым осы қалыпта қадағаланбай, өзгерістерге ұшырайды. Мәселен, Дәріс сабақтарында «Өткенді қайталау» және «Бекіту» кезеңдері тіпті де қолданбай, олар семинар сабақтарына (практикалық сабақтарға) ауыстырылады.
- Дәстүрлі Дәріс оқытушы тарапынан тек жаңа тақырыпты «берумен» шектелетіндігі белгілі. Дәстүрлі семинар сабақтары тек Дәрісда қарастырылған тақырыпты қайталаумен шектеледі.

- **2. Жаңашыл оқыту жобаларындағы сабақ құрылымы**
- Жаңашыл жобалардың басым көпшілігі ұстанған сабақтың (немесе жалпы таным процесінің) үш кезеңін негізінен келесідей түсіндіреді:
 - 1. Бірінші кезеңде үйренушілер өздерінің бұрынғы білетіндерін естеріне түсіру арқылы білім игеруге белсенділендіріледі. Мұнда олар «танымдық тепе-теңсіздік» (Ж.Пиаже) жағдайында болып, жаңа білімге деген қызығушылықтары пайда болады.
 - 2. Екінші кезеңде үйренушілер дербес тұрғыдан танымдық әрекеттер атқарады. Ж.Пиаже «Балалар әрекет жасамай сөйлегенде бірін-бірі түсіне ме?» деген сұраққа «Баланың ойын түсіндіру үшін, оның әрекеттерінен бастау керек» деп жауап береді (Ж.Пиаже, 353).
 - 3. Үшінші кезеңде шәкірттер үйренгені жайлы ой толғайды, пікірлеседі, оларды талқылайды, осы әрекеттер арқылы ол жаңа түсініктер құрастырады: «Ой тәжірибесінің сан қилы жақтарын ой елегінен өткізе отырып, бала жол-жөнекей бір анықтаманы екінші анықтамамен алмастыратын фактілерді ашып, сол арқылы өзінің алғашқы ойлағандарына өзгертулер енгізеді» (Ж.Пиаже, 377).

- М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясында» да сабақтың үш кезеңдік құрылымы орын алған: «Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады» (М.Жанпейісова, 8).
- Бұл технология тұлғаны дамыту идеяларын ұстанғандықтан оқушының әрекеттеріне көп көңіл бөліп, оларға үш деңгейдегі («жеңілдетілген» стандарт, «стандартты», «стандарттан жоғары») тапсырмалар ұсыну арқылы «оқушылардың білім сапасын едеуір арттыруға және білім стандарты бекіткен оқу материалын барлық оқушылардың *жүз пайызға* меңгеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» (М.Жанпейісова, 8).
- Модульдік оқыту технологиясында сабақ (модуль) «**Кіріспе – Сөйлесу – Қорытынды**» құрылымында өткізіледі. «*Кіріспе бөлімінде* мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы оқу модулінің *барлық уақытына* есептелген оқу материалын *қысқаша* (10-20 минут ішінде), сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді» (М.Жанпейісова, 9).

- 3. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы бойынша сабақ кезеңдері
-
- Елімізде 1997 жылдан бастап дамып келе жатқан «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» (Reading and Writer for Critical Thinking) жобасы да сабақтың үш құрылымдық кезеңін ұстанады: «Қызығушылықты ояту – Мағынаны ажырату – Ой-толғаныс». Бұл құрылым ойлау процесінің қалайша өрбитіндігін сипаттап, әрбір студентті «өзінің курстастары және оқытушымен жүргізетін рефлексиялық диалогқа жұмылдыруды» көздейді (С.Мирсеитова, 2008, 116).

- Аталмыш жобада сабақтың әр кезеңінің ерекшеліктері мен мақсаттарын қалайша сипаттайтындығына тоқталып кетейік.

- «Қызығушылықты ояту» кезеңінде (Evocation) үйренушілер білім процесіне ниеттеледі, айрықша көңіл аударады, жаңа материалды игеруге ынталанады. Бұл кезеңде келесідей үш мақсат жүзеге асырылады:
- 1. Қарастырылатын тақырып бойынша үйренушілер бұрынғы білімдерін есіне түсіреді.
- Білім зерттеу - жаңаны ескімен байланыстыратын процесс, жаңа білім міндетті түрде қандай да бір жеке тәжірибе негізінде (бұрынғы білім) құралады. Өзінің жеке білімін еске түсіру арқылы үйренушілер белсенді түрде өздерінің білімін анықтап, оны талдайды және алдағы уақытта қарастырылатын жаңа мәліметтермен байланыстырады. Сол арқылы олар өз білімінде «бос орындардың» қалмауын қадағалап, білім игеру процесін бір сәтке де тоқтатпайды.
- 2. Үйренушілер белсенді әрекеттерге жұмылдырылады.
- Білім игеру – белсенді әрекет. Саналы білім алу үшін үйренушілер білім игеру процесіне белсенді түрде араласуы керек: ойлау, сөйлеу мен жазу арқылы өз білімдері мен түсініктерін өзгелерге жеткізе білуі керек.
- 3. Үйренудің мақсаттарын айқындау арқылы үйренушілер ойлау жұмысына ынталандырылады.
- Шығармашылық белсенділікті көтеру үшін бұл кезеңде үйренушілерді зерттеу мақсаттарын айқындауға жұмылдыру керек. Өз мұқтаждарынан туындаған, өздері құрастырған мақсаттар үйренушілердің жаңа білімге деген ынталарын еш бәсеңсітпейді. Ал үйренушілердің жеке тәжірибесінен туындаған пікірлер әрқашанда сан алуан болып, сол арқылы оларды пікір алмасуға және пікірталасқа әкеледі. Өз кезегінде көзқарастардың мұндай қарама-қайшылығы әр үйренушіде түрлі сұрақтардың пайда болуына әкеледі. Ал бұл сұрақтарға жауап беру белсенді түрде жұмыс жасауға (ойлау, оқу, жазу, сөйлеу) ынталандырады.

- «**Мағынаны ажырату**» кезеңі (Realization of meaning) жаңа материалды игеруде туындаған сұрақтарға үйренушілердің өз тәжірибелері тұрғысынан жауап беруімен ерекшеленеді.
- Бұл кезеңде үйренушілер жаңа ақпаратпен немесе идеялармен тікелей қарым-қатынас жасап, оларды дербес түрде зерттейді, ізденеді.
- Бұл кезеңнің басты мақсаттары келесідей:
- 1. Үйренушілерді жаңа білім игеру жұмысына асқан күштарлықпен араластырып, олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру.
- Сабқтың басқа кезеңдерімен салыстырғанда мұнда үйренушілер мейлінше дербес болып, ұстаздың араласуын қажет етпей, өзіндік тұрғыдан әрекеттенеді. Олар үйренудің әртүрлі тиімді тәсілдерін қолдану арқылы белсенді танымдық жұмысқа кірісіп, жаңа білім туралы өзіндік түсінік және пікір қалыптастырады. Үйренушілер мұндай жұмысқа жұмылдырылмаса, зерттеудің мағынасы тіпті де жоғалып кетуі мүмкін.
- 2. Үйренушілердің өзіндік пікір мен түсінік қалыптастыруға ынталандыру.
- Белсенді үйренушілер жаңа мәлімет жайлы өзіндік түсінік қалыптастырады. Қажет болған жағдайда олар оны қайта қарастырып, сұрақтар қойып, түсінбеген жерлерін анықтауға тырысады. Мұндай жағдайларда бәлсенді (пассив, ырқы кемшін) үйренушілердің өздері түсінбегенді қалдырып кетуі әбден ықтимал.

- «**Ой-толғаныс**» кезеңінде (Reflection) үйренушілер жаңа мәліметтерді өздерінің бұрынғы білімдерімен (ұғымдарымен) салыстыра отырып өзгертеді.
- Осы кезеңде олар сұрақтар, ұсыныстар, пікірталастар, зерттеулер арқылы бұрнағы түсініктерінің негізінде жаңа білім құрастырады. Үйрену дегеніміз өзгеру және өзгерту деген сөз. Өзгеру жаңа түсініктің атаулары мен терминдері, жаңа әрекеттер, білімнің жаңа ахуалы мен жаңа сенімдер тұрғысында болуы мүмкін. Мұндай өзгерістер үйренушілердің бұрынғы білім негізінде жаңа түсінікті қалыптастыру жұмысына белсене араласқанда пайда болады.
- Бұл кезеңде келесідей мақсаттар тұтуға болады:
- 1. Үйренушілер өз ойлары мен түсініктерін өздері игерген мәліметтер арқылы жеткізеді.
- Зерттеу және түсінік - өзіндік, дербес ұғымдар. Үйренушілердің есінде өздерінің тәжірибесі, білімі, сөздері арқылы түсінгендері қалады. Жаңа түсінік тек осындай өзіндік контексте пайда болады.
- 2. Үйренушілер бір-бірімен ой бөліседі.
- Пікірлесу арқылы үйренушілерде өзіндік пікірлердің пайда болуына ой талқыда келтірілген көзқарастардың әр түрлігі, сан алуандығы көп септігін тигізеді. Үйренушілердің ой алмасуда әр түрлі пікірлерді келтіруі жаңа мәліметтің игерілуіне жол ашады

- «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы бойынша
 - сабақ кезеңдері

-
- **Қызығушылықты ояту**
- *(Evocation)*
-
- *Сабақ мазмұнын студент-тердің бұрынғы білімдерімен байланыстыру, студент-тердің ықыласын жаңа білімді қабылдауға белсенділендіру, олардың сұрақтары мен мақсаттарын айқындау*
-
- **Мағынаны ажырату** *(Realization of meaning)*
-
- *Оқытушының басшы-лығымен оқытудың белсенді түрлерін қолданып жаңа мәліметпен танысу, оны жан-жақты қарастыру, зерттеу, игеру*
- **Ой-толғаныс**
- *(Reflection)*
-
- *Жаңа тақырып бойынша студенттердің пікірлесуі, ойлануы; жаңа мәліметті өз түсінігіне икемдеу немесе проблемаларды шешуде қолдану*

- С.Мирсейітова өз кітабында Р.Иннздің (R.V.Innes) жоғарғы мектепте өткізілетін сабақтың үш кезеңдік құрылымын келтіреді: **1) мотивация, 2) білім құрастыру, 3) білімді ұштау**
- «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы және Р.Иннздің ұстанған сабақ (таным процесі) құрылымының модельдері бір-біріне ұқсас, деп жазады С.Мирсейітова. «Қызығушылықты ояту немесе мотивация кезеңінде студенттерде өздерінің бұрынғы тәжірибесімен байланысты және де сол себепті өздеріне қызықты идеялары болуы керек. Мағынаны ажырату немесе білім құрастыру кезеңінде зерттеу, талқылау және анықтау жұмыстары үшін студенттерде жеткілікті материалдар болуы керек. Ой-толғаныс және білімді ұштау кезеңінде студенттерде зерттелгенді өзіндік тұрғыдан қарастырып, сұрақ қойып және оларға жауап іздеп, осы білімді қолдана отырып нақты өмірден алынған жаңа проблемаларды шешу мүмкіншіліктері болуы керек. Анықтап қарағанда, мұнда Блумның таксономиясын байқауға болады. Білім және түсіну деңгейлері - қызығушылықты ояту және мотивация кезеңінде, қолдану мен талдау - мағынаны ажырату және білім құрастыру кезеңінде, синтез бен бағалау - ой-толғаныс және білімді ұштау кезеңінде қарастырылады. Осының бәрін ескере отырып, С.Мирсейітова жоғарғы мектептегі сабақтың келесідей құрылымын ұсынады

- **Мотивация, Білім құрастыру, Түсінікті дамыту.** Бұл кезеңдердің мақсаттарын зерттеуші былайша түсіндіреді:
- 1 кезең. Мотивация
- Мақсаттар:
 - а) студент өміріне тікелей қатысы бар нақты проблеманы ұсыну;
 - ә) студенттердің аталмыш проблема бойынша алдыңғы білімдерін анықтау.
- 2 кезең. Білімді құрастыру
- Мақсаттар:
 - а) оқу және зерттеу үшін қажетті құралдар мен тәсілдерді қолдану;
 - ә) топтық ізденісті ұйымдастыру, жоба әдісін қолдану;
 - б) ізденіс әдісін қолдау – материалды зерттеу, бұрыннан таныс және жаңа білімді айқындау, сұрақтар қойып, өзара байланыстарын анықтау;
 - в) қарым-қатынасты қолдау – жұп пен топ ішінде әңгімелесу, диалогтық ізденіс, топ ішінде талқылау.
- 3 кезең. Өзіндік түсінікті дамыту
- Мақсаттар:
 - а) нәтижелерді топтың жазбаша түрде баяндауын қолдау;
 - ә) топтық презентацияларды қолдау, жоба әдісінің қорытынды кезеңін қолдану;
 - б) студенттерге өз білімдерін жаңа ситуацияларда қолдануға мүмкіншілік беру, олардың білімдерінің шынайылығын білу мақсатында оларды сынақтан өткізу» (С.Мирсейітова, 2008, 117-118).
- Жоғары оқу орындарында «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы ұстанған **«Қызығушылықты ояту – Мағынаны ажырату - Ой-толғаныс»** немесе С.Мирсейітова ұсынған **«Мотивация - Білім құрастыру - Түсінікті дамыту»** үш құрылымдық кезеңдерін кез келген сабақта (Дәріс, семинар, практикалық сабақ, өздік жұмыс) қолдану тиімді.